


Әдістемелік бірлестік жұмысы



Әдістемелік бірлестік - білім мекемесінің әдістемелік қызметі құрылымындағы негізгі бөлім болып табылады. Бірлестік бір немесе туыстас бірнеше пәндер бойынша оқу-тәрбие, әдістемелік, зерттеу-тәжірибелік және сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асырады.

Бір пәннен немесе бір білім аймағынан сабақ беретін мұғалімдер саны бестен көп болған жағдайда әдістемелік бірлестік құрылады. ӘБ мен ондағы мұғалімдер саны білім мекемесінің алдына қойылған кешенді мақсат, міндеттерді шешу қажеттілігімен анықталып, мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

ӘБ жұмысы мектеп директоры бекіткен жылдық жоспар негізінде жүргізіледі


Әдістемелік бірлестіктер – бұл мектепте мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың ең көп көлемдегі таралған түрі. Әдетте, бастауыш сынып мұғалімдерінің, қоғамдық пәндер , математика- жаратылыстану мұғалімдерінің , орта және жоғарғы сынып жетекшілерінің бірлестіктері құралады.

Толық сыныпты мектептерде пәндік әдістемелік бірлестіктері немесе кафедралар жұмыс жасайды.

Әдістемелік бірлестіктің ерекше қамқорлығы – ол тиімді, нәтижелі, белсенді әдісті, тәсілді сабақтың міндетіне қарай оқыту мен тәрбиелеу құралдарын, оқу материалдарының мазмұны мен жұмыс жағдайын мұғалімдердің шығармашылықпен меңгеруін ұйымдастыру.



Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі түрлері:

- 
- Оқыту және тәрбиелеу әдістемесінің келелі мәселелері бойынша педагогикалық эксперимент жүргізеді, эксперимент нәтижелерін педагогикалық процеске енгізеді.

- 
- Әдістеме сұрақтары бойынша дөңгелек үстелдер, мәжілістер мен семинарлар, мұғалімдердің шығармашылық есебін өткізеді.

- 
- Ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізеді.
- 



- Педагогика мен психологияның жалпы сұрақтары, оқыту мен тәрбие әдістемесі бойынша лекциялар, хабарламалар және баяндамалар жасайды.



- Озық педагогикалық идеялармен басшылыққа алынуы тиіс құжаттарды оқып үйреніп, оның оқу-тәрбие процесінде орындалуын қамтамасыз етеді.



- Пән апталықтары мен әдістемелік апталықтар өткізеді.



- Сабақтардың өткізілу барысына бақылау жасайды.



Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі бағыттары:

Пәнді оқыту үрдісінің нәтижесіне талдау жасайды.

Пән бойынша өткізілетін білім сайыстары, олимпиадалар мен байқаулардың ережелерін құрастырады.

Күнтізбелік, тақырыптық жоспарды талдайды және бекітеді.

Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес оқушының оқу бағдарламасын меңгеруін қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі бойынша педагогикалық эксперименттер жүргізіледі.

Оқу әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдар дайындайды және оларды талқылайды, бекітеді.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесін қарастырады, оның жүргізілуіне басшылық және бақылау жасайды.

Жас мамандарға арналған семинарлар ұйымдастырады, тәлімгерлер тағайындайды.

Әдістемелік бірлестік жетекшілері нені назарында ұстау керек :



**Нормативті құжаттарды оқу,
жүзеге асыру.**

**Оқу бағдарламаларының
орындалуы.**

**Оқушылардың білім, білік, дағдысы, оқу
процесінің қорытындыларына талдау
жасау, бірыңғай бақылау, тексеру,
емтихан материалдарын әзірлеу.**

Мұғалімдердің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру шаралары.




Бірлестіктегі жас мамандарға қамқорлық, педагог мамандығында тұрақтандыру әрекеті, тәлімгерлік.



Оқушылардың дәптерлеріне қойылатын талаптардың орындалуы.



- **Өзара сабаққа қатысу, талдау, озат тәжірибені зерттеу, практикаға енгізу.**



- **Әдістемелік бірлестіктер онкүндігі, апталығы, сайыстар өткізу, бірлестік отырысы, жиындар мен шешімдердің орындалуы.**



Әдістемелік бірлестіктің іс- құжаттары:

Былтырғы оқу жылының талдамасы

Жаңа оқу жылының міндеттері



Бірлестік жоспары

Мемлекеттік стандарт көшірмесі



Ашық сабақтар кестесі

Сыныптан тыс жұмыстар кестесі


Бақылау жұмыстарының кестесі

**Санатты мұғалімдердің іс- тәжірибесін
зерттеу, тарату**



Отырыс хаттамалары

Тексеру анықтамалары



**Білім жетілдіру курстарынан өту және
аттестаттау кестесі**

Диагностикалық зерттеулер

**Бірлестік жұмысына жартыжылдық
және жылдық талдау**




**Дидактикалық материалдармен
қамтамасыз етілуі**



ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІК ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:



- Мектептің даму бағдарламасын құруға қатысу.




- Әдістемелік бірлестіктің жұмыстарын мектепшілік жоспармен бірлесе отырып жоспарлау.



- Мұғалімдер белсенділігін басқару.





- **Оқулықты , авторлық және жеке бағдарламаларды, түсініктеме дидактикалық материалдарды бастапқы зерттеулерден өткізеді.**



- **Оқу ісінің меңгерушісімен бірлесе отырып , мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін, іскерлігін зерттеу , оларға әдістемелік көмек көрсету, жас мамандармен жұмыс жүргізу.**



- **Мұғалімдердің кәсіби білімін көтеру жоспарын жасауға қатысады.**







- **Мұғалімнің кәсіптік шеберлігін жинақтау, тарату, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.**



- **Инновациялық технологияның бағытын, идея мен ұсынысын толықтырып отырады.**




- **Әдістемелік бірлестіктің құжаттарын ресімдейді(реттеу), (жоспарлар ,отырыс хаттамасы, бақылау-зерттеу құжаттары, әдістемелік құжаттар, есеп беру құжаттары).**





- Оқу ісінің меңгерушісімен бірге отырып, сабақ беру тәртібінің, жоспардың орындалуын жүзеге асырады.



- Оқушының білім деңгейін бақылау жұмысын ұйымдастыру (білім сапасын талдау).



- Пәндік апталықтар, конференция, сайыстар, олимпиадаларды өткізу дайындығын ұйымдастыру;



**Әдістемелік
бірлестік
жетекшісінде
болуға**

тиіс папкалар:



*Әдістемелік бірлестіктің
жылдық, айлық, апталық
жұмыс жоспарлары*



А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің 2013-2014 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

□ **Бірлестік тақырыбы:**

□ **«Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын оқу үрдісінде пайдалану арқылы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру»**

Мақсаты:

□ **Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шыңдалып өсуіне, жан-жақты жетілуіне бағыт-бағдар беру, жағдай туғызу;**

□ **Жан-жақты дамыған, өзіндік танымдық дағдылары қалыптасқан, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу жұмысының озық әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды тиімді пайдалану;**

□ **Дүниетанымы дамыған, еліміздің әдет-ғұрпын құрметтей білетін, жан-жақты білімді де саналы парасатты тұлға тәрбиелеу.**



Міндеті:

- ▣ **Пән мұғалімдерінің оқытудың озық технологияларын пайдалана отырып, әрбір шәкірттің жеке ерекшеліктеріне сай шығармашылықпен жұмыс істеп, іс-тәжірибе жинақтау.**
- ▣ **Қазіргі заман сабақ талабына сай оқушылардың білімін жан-жақты тереңдету арқылы оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамыту.**



- ▣ Білім сапасын көтеру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын ақпараттық технологиялар мен интерактивтік әдістердің нәтижелілігін анықтау;
- ▣ Педагогтардың инновациялық қызмет тәжірибелерін тарату және жалпылау;
- ▣ Семинарлар, конференциялар, практикалық шеберханаларды өткізудің қорытындысы бойынша әдістемелік материалдардың банкіні жинақтау.



№	Жүргізілетін жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты	Қаралатын орны
1	<ul style="list-style-type: none"> • № 1 Ә/Б отырысы. • Өткен оқу жылына қорытынды. Бірлестік мүшелерінің жаңа оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру. • 2013-2014 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру, талқылау. • Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру, бекіту. 	02.09.-07.09.	Бірлестік жетекшісі	Ә/Б отырысы
2	<ul style="list-style-type: none"> • 16-21 қыркүйек аралығында «Тілім менің – қазынам, қасиетім» атты тақырып аясында өтетін қазақ тілі мен әдебиеті апталығының іс-шаралар жоспарын бекіту. • Күнтізбелік жоспарлардың бірізділігін қадағалау. • Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын бекіту. 	09.09.-14.09.	Бірлестік жетекшісі	Ә/Б отырысы



<ul style="list-style-type: none"> • 16-21 қыркүйек аралығында «Тілдер мерекесі» аясында «Тілім менің – қазынам, қасиетім» атты тақырыпта қазақ тілі мен әдебиеті апталығын өткізу. • 5 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру. 	16.09.-21.09.	Бірлестік жетекшісі. Пән мұғалімдері.	Ә/Б отырысы
<ul style="list-style-type: none"> • № 2 Ә/Б отырысы. • Баяндама: «Білім берудегі жаңа инновациялық технологиялар». <p>Имашова Қ.С.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Атқарылған жұмыстарға талдау жасау, сараптау. • 16-21 қыркүйек аралығында «Тілдер мерекесі» аясында «Тілім менің – қазынам, қасиетім» атты тақырыпта қазақ тілі мен әдебиеті апталығының қорытындысы. 	23.09.-28.09.	Бірлестік жетекшісі. Пән мұғалімдері.	Ә/Б отырысы
<ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімдердің дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспарын тексеру. • Пән мұғалімдерінің ҰБТ-ға дайындық жұмысының жоспарын тексеру, атқарылып жатқан жұмыстарды бақылау. 	30.09.-05.10.	Бірлестік жетекшісі	Ә/Б отырысы



*Әдістемелік бірлестік құрамы,
мүшелері жөнінде мәлімет*



- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сапалық құрамы.**
- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сандық және сапалық есебі**
- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері туралы жеке мәлімет**



*Әдістемелік бірлестік
отырысының хаттамалары*



А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің отырысы

Хаттама №1

Күні: 02.09.2013

Қатысқандар – 5

Күн тәртібінде:

- Өткен оқу жылына қорытынды.
- Бірлестік мүшелерінің жаңа оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
- 2013-2014 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру, талқылау.
- Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру, бекіту.

Тыңдалды:

2013 жылдың 2 қыркүйегінде өткен қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің отырысын бірлестік жетекшісі Қ.Имашова ашып, күн тәртібінде қозғалатын негізгі мәселелермен таныстырып өтті.

Күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі өткен 2012-2013 оқу жылына қорытынды жасап өтті.

Өткен 2012-2013 оқу жылында тілдер бірлестігі «Ұлттық тәрбие негізінде жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы қалыптасқан шығармашыл тұлға қалыптастыру» атты тақырып аясында жұмыс жасады. Бірлестік мүшелері мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдалып өсуіне, жан-жақты жетілуіне бағыт-бағдар беруді, дүниетанымы дамыған, еліміздің әдет-ғұрпын құрметтей білетін, жан-жақты білімді де саналы, парасатты тұлға тәрбиелеуді алдына мақсат етіп қойды. Тілдер бірлестігінің жұмысы ҚР «Тіл туралы» Заңының №151-1 11.07.1997 жылғы бұйрығын басшылыққа ала жүргізілді. Бірлестік құрамында 7 мұғалім жұмыс жасады. Бірлестікте қазақ, ағылшын тілдері қамтылған. Тілдер бірлестігі бірлесе отырып, тілдер мерекесіне, апталықтарына, сыныптан тыс жұмыстарына іс-шаралар жоспары жасаланды.

Күн тәртібіне қойылған келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2013-2014 оқу жылындағы бірлестік мүшелерінің негізгі міндеттерімен таныстырып өтті:

Жаңа оқу жылында бірлестік мүшелері алдарына төмендегі міндеттемелерді негізге алуға тиіс. Олар:

Пән мұғалімдерінің оқытудың озық технологияларын пайдалана отырып, әрбір шәкірттің жеке ерекшеліктеріне сай шығармашылықпен жұмыс істеп, іс-тәжірибе жинақтау.

Қазіргі заман сабақ талабына сай оқушылардың білімін жан-жақты тереңдету арқылы оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамыту.

Білім сапасын көтеру мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын ақпараттық технологиялар мен интерактивтік әдістердің нәтижелілігін анықтау;

Педагогтардың инновациялық қызмет тәжірибелерін тарату және жалпылау;

Семинарлар, конференциялар, практикалық шеберханаларды өткізудің қорытындысы бойынша әдістемелік материалдардың банкін жинақтау.

Күн тәртібіне қойылған келесі мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2013-2014 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып, оны талқылап өтті:

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық негізі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып табылады, сонымен қатар ол қазақстандық білімді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарлама мақсаттардың бірі – білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. Осы бағытта 2011 жылдан бастап оқу процесіне автоматтандыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу үшін жағдай жасалуда, орта білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесі пайдаланыла бастады.

2013-2014 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Күн тәртібіне қойылған келесі мәселе бойынша мұғалімдердің өздеріне тиесілі сағат жіктемелері негізінде жасаған тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары қаралып, оқу ісі меңгерушісінің келісімі мен мектеп директорының бекітілуіне жіберілді.

Күн тәртібіне қаралған мәселелерді талқылай келе, отырысқа қатысушылар ШЕШІМ ЕТЕДІ:

2012-2013 оқу жылының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

Жыл бойы өткізілетін іс-шараларға бекітілген мұғалімдер өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарасын.

2013-2014 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хат негізге алынсын.

Әрбір пән мұғалімдерінің жаңа 2013-2014 оқу жылына арнап бөлінген сыныптары бойынша жасаған күнтізбелік жоспарлары мектеп директорының бекітілуіне жіберілсін.

ПӘБ жетекшісі

Қ.Имашова

Хатшы:

Ә.Көлшікбаева



- **Әрбір бірлестік отырысында қаралатын мәселелер бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс және әрбір мұғалімнің шығармашылық тақырыбымен жұмыс жасау, оны тәжірибеде қолдану жайы сөз болуға тиісті.**



*Оқушының білім икем
дағдысын зерттеу*



□ Аталған бөлімде оқушының білім-дағдысын зерттеуге бағытталған материалдар, атап айтсақ, қазақ тілі сабағындағы белсенділігі, оқу жылдамдығы, дәптер жүргізу сауаттылығы, тоқсан соңында немесе әкімшілік тарапынан алынған сынақтардың қорытындысы, тоқсандық көрсеткіштердің сандық және мониторингілік анықтамалары жинақталады.



*Мұғалімнің кәсіби біліктілігін
арттыру*



- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің курстан өтуі туралы мәлімет**
- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің курстан өтуінің даму жоспары**

- **Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің шығармашылық тақырыбы жайлы мәліметі.**
- **Әдістемелік бірлестік мұғалімдерін аттестаттаудың перспективті жоспары.**
- **Аттестаттау құжаттары.**



Озат тәжірибе мектебі



□ Мұғалімдердің шығармашылық тақырыбын әрбір бірлестік отырыстарында талқылау, сапалы жүргізілген жұмысты аудандық педагогикалық оқуға ұсынау. Нәтижелі болған жұмыстарды мектепшілік озат тәжірибе ретінде тарату.



*Атқарылған
іс-шаралар,
анықтамалар*



**□ Апталықтар бойынша атқарылып
жатқан іс-шаралардың
анықтамалары, қорытындылары**



*Нормативтік-құқықтық
құжаттар*



**□ Бірлестікте болуға тиісті
бұйрықтар, заңнамалар,
ережелер, жолдаулар.**



*Олимпиадалар,
ғылыми жобалар*



□ Қабілеті жоғары оқушылармен жүргізілетін жұмыстар, оның нәтижесі.

(Сайыстар, байқаулар, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, т. б)



*Мұғалімдердің
рейтингісі*

